

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 6 қазан N 1000

Солтүстік Қазақстан облысының Заозерный және Саумалкөл поселкелерін 1998-1999 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңге дайындау және жылумен қамтамасыз ету жөніндегі жағдайды тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға көзделген қаражаттың есебінен Солтүстік Қазақстан облысының әкіміне 35 545000 (отыз бес миллион бес жүз қырық бес мың) теңге, оның і ш і н д е :

Заозерный поселкесінің N 3 кен басқармасы қазандығын жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін 5500000 (бес миллион бес жүз мың) теңге және Саумалкөл поселкесінің көп қабатты тұрғын үй қоры үшін отандық өндірістің жеке жылыту қондырғыларын монтаждауға 23522000 (жиырма үш миллион бес жүз жиырма екі мың) т е ң г е ;

Заозерный поселкесінің N 3 кен басқармасының қазандығы үшін екібастұз көмірін сатып алуға 6445000 (алты миллион төрт жүз қырық бес мың) теңге бөлінсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысының әкіміне көмірді қазақстандық тауар өндірушілерден сатып алуды жүзеге асыру ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі